

"Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мамандарды, жұмыскерлерді даярлау, қайта даярлау және білімін тексеру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № 332 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 14 желтоқсандағы № 297 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 желтоқсанда № 31154 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мамандарды, жұмыскерлерді даярлау, қайта даярлау және білімін тексеру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № 332 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23461 тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мамандарды, жұмыскерлерді даярлау, қайта даярлау және білімін тексеру қағидаларында:

осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес 5-қосымша жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің интернет-ресурстарында жариялауды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі

Ю. Ильин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Индустрия және инфрақұрылымдық

даму министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі
2022 жылғы 14 желтоқсандағы
№ 297 Бұйрыққа
қосымша
Өнеркәсіптік қауіпсіздік
саласындағы мамандарды,
жұмыскерлерді даярлау, қайта
даярлау және білімін тексеру
қағидаларына
5-қосымша

Нысан

Өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша білімін тексеру туралы куәлік

1. КУӘЛІК/УДОСТОВЕРЕНИЕ № _____ Берілді / Выдано _____ (Т.А.Ә (ол болған жағдайда) / Ф.И.О. (при его наличии)) _____ (жұмыс орны / место работы) _____ (лауазымы / должность)	2. Тұрақты жұмыс істейтін емтихандық комиссияның хаттамасы / Протокол постоянно действующей экзаменационной комиссии № _____ " ____ " _____ 20 ____ ж (г). Ол / он (она) 20 ____ ж (г). " ____ " _____ Действительно до Курсын тыңдады/прослушал (ла) курс 20 ____ ж (г) ____ дейін жарамды Комиссия төрағасы / _____ Председатель комиссии _____ (м.о. / м.п.) (қолы/подпись)
м.ф.	
_____ (оқыту ұйымы/орталығының атауы / наименование учебной организации/центра)	
3. КУӘЛІК / УДОСТОВЕРЕНИЕ № _____ _____ (жұмыс орны / место работы) _____ (лауазымы / должность) Біліміне қайта тексеру жүргізілді / Повторная проверка знаний проведена № ____ Хаттама/Протокол (от) 20 ____ ж (г) " ____ " _____ Действительно до	4. КУӘЛІК / УДОСТОВЕРЕНИЕ № _____ _____ (жұмыс орны / место работы) _____ (лауазымы / должность) Біліміне қайта тексеру жүргізілді / Повторная проверка знаний проведена № ____ Хаттама / Протокол (от) 20 ____ ж (г) " ____ " _____ Действительно до

20 ____ ж (г) " ____ " _____ дейін жарамды	20 ____ ж (г) " ____ " _____ дейін жарамды
_____ (оқыту ұйымы/орталығының атауы / наименование учебной организации/центра) Комиссия төрағасы / Председатель комиссии _____ (м.о./м.п.) (қолы/подпись)	_____ (оқыту ұйымы/орталығының атауы / наименование учебной организации/центра) Комиссия төрағасы / Председатель комиссии _____ (м.о./м.п.) (қолы/подпись)

1. Куәліктің мұқабасы көк түсті, қатты;
2. Куәлік көлемі - 204 x 65 мм;
3. Фото - 3 x 4;
4. Білімді қайта тексеру туралы қосымша беттер 4 бет.